

СОҢҒЫ СӨЗ

Құрметті студент!

Осы оқу курсы сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз туралы ойлануыңызға септігін тигізді деген үміттеміз. Сабақтарды өтіп, барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін сіз: «Мен шынайы мәсіхшімін бе?», «Мен Құдайды жеке танимын ба?», «Менің өмірімде Оның бар екені рас па?» деп сұраған боларсыз. Қазір біз сізге Құдаймен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бергіміз келіп отыр.

Бұл өмірде біздің бәріміз де көп қателік жасадық. Әрқайсымыздың жүрегімізде өз жараларымыз бар, сондай-ақ басқаларға салған біздің жараларымыз да аз емес болар. Киелі Кітапта бұл күнә деп аталады және біз күнәкармыз, бұл жөнінде былай делінген: «бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим 3:23). Біздің күнәларымыз Құдайды сүюші Әке ретінде тануымызға барынша кедергі жасап бағады. Бірақ Жаратқан Ие күнәларымызға қарамастан, бізді сүйеді. Оның бізді шексіз сүйгені соншалық, Өзінің Ұлын сол үшін құрбан етті. «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жох 3:16). Иса айқышта жанын құрбан ету арқылы біздің күнәміздің құнын төледі. Оның тартқан жазасына біздер толығымен лайықты едік.

Сіз Исаның Құтқарушыңыз екеніне көз жеткізгіңіз келе ме? Бұл, шынымен де, өте қарапайым.

- Өзіңіздің күнәкар екеніңізді Құдай алдында мойындап, Оның кешіріміне мұқтаж екеніңізді мойындаңыз.
- Шын жүрегіңізден Исаға сеніп, Оны Құтқарушыңыз екенін қабылдаңыз.

Сіз Құдай алдында қарапайым сөзбен мінәжат ете аласыз, мәселен былайша:

*Қымбатты Иса, мен күнәкар екенімді мойындаймын.
Өтінемін, мені кешіре гөр. Мен Сенің Құдайдың Ұлы
екендігіңе сенемін. Айқыш ағашта менің күнәларым үшін
өлгеніңе рақмет. Менің өміріме келе гөр. Өмірімнің Иесі
болшы деп өтінем. Мені құтқарып алғаныңа рақмет!
Аумин.*

Егер сіз осылай сиынып шын жүрегіңізден айтқан болсаңыз, онда күнәларыңыз кешірілді және сіз мәңгілік өмірге ие болдыңыз. Иса – сіздің өміріңіздің Иесі. Киелі Кітапта былай делінген: «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (Жох1 1:9).

ОҚУШЫ САУАЛНАМАСЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ

Келесі беттегі сауалнаманы оқып толтырыңыз. Толтырылған Сауалнаманы тіркелген студент болсаңыз немесе өзіңіз үшін осы курсты өткен болсаңыз да жақын арадағы ХСИ бөліміне жіберіңіз. Сенім жолында Құдай сізге жар болсын!

ОқУШЫ САУАЛНАМАСЫ

«Иса деген кім» бағдарламасы

Аты жөніңіз.....

Мекен-жайыңыз

.....

Email

Телефон нөмірі (міндетті емес):

- 1** Осы курсты өту барысында Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз және Иеңіз ретінде алғаш рет қабылдадыңыз ба?

иә жоқ

Егер жауабыңыз «иә» болса, қалай болғанын айтып беріңіз

.....

- 2** Осы курс біреумен Иса туралы бөлісуіңізге көмектесті ме?

иә жоқ

- 3** Осы курс сізді мәсіхші ретінде нығайтты ма?

иә жоқ

Егер жауабыңыз «иә» болса, қалай?

.....

- 4** Осы курсты өтіп шығуды басқаларға ұсынар ма едіңіз?

иә жоқ

Достарыңыздың байланыс деректерін беріңіз, осы курсты қалай өтуге болатыны жайлы мағлұмат жібереміз.

Досыңыздың аты-жөні

Мекен-жайыңыз

.....

Email

Телефон нөмірі (міндетті емес):

Осы курстан кейін «Мәсіхшілік өмір сериясының» келесі курсың өтуіңізге болады, сонымен қатар жетекшіңізден басқа қандай оқу құралын өтуге болатынын сұрауыңызға болады.